



*Kernicy*

The image displays a stylized logo for the name "Kernicy". The text is rendered in a gold, cursive script font. A blue feather is positioned at the beginning of the word, overlapping the first few letters. A long, elegant gold flourish extends from the bottom of the word, curving under the letters "n", "i", and "c".

## Алаш аманатын алқалаған керуен

06.08.2016



*Қазақ тарихындағы ұлттың ары мен ұяты болған тұлғалардың бірі – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. Сүйегі хан тұқымынан болса да ақсүйектікке, байлыққа, дақпыртқа қызықпай, қасық қаны қалғанша ұлтына, еліне адал қызмет еткен қазақтың Әлиханы шын мәніндегі әлемдік деңгейдегі ірі тұлға. Жыл басталғалы Алаш көсемінің 150 жылдық мерейтойына арналған түрлі шаралар өтіп жатыр. Сондай шараның бірі – «Әлихан Бөкейхан ізімен» атты халықаралық ғылыми-танымдық экспедиция. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» (Шәкәрім) демекші, бұл шараның маңызы да, мәні де, мақсаты да, түр-сипаты да бөлек.*

«Қазақ географиялық қоғамы» деп аталатын қоғамдық ұйымның басшылық тізгінін ұстап отырған жаны да, жүрегі қазақ деп соғатын қалталы азаматтар «Өз елі өз ерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кеменгерді» (Ілияс Жансүгіров) деген аталы сөзді ескеріп, ғалымдар мен журналистердің басын қосып, Алаш көсемінің өткен жолмен жүріп, жастар мен жасөспірімдерге ұлттық мұраны кеңінен дәріптеуге демеушілік жасады. Көрнекті алаштанушы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері Айгүл Ісімақова бастаған экспедиция құрамына Әлихан Бөкейханның сенімді серігі

болған, Алаш арысының өзі: «Қарағым, Қошке!» – деп еркелеткен Қошмұхаммед Кемеңгердің шөбересі, алаштанушы-ғалым, филология ғылымының кандидаты Қайырбек Кемеңгер, филолог Серік Үркінбай, осы жылы туғанына 100 жыл болып отырған ақын Хамит Ерғалидың немересі, журналист Айжан Хамит, Қазақ географиялық қоғамының маманы Қайсар Тұрсынғожа бәріміз кірдік. Алаш көсемі туып-өскен Желтау, Ақтоғайдан басталған экспедиция Қарқаралы, Семей, Омбы, Кереку, Санкт-Петербург, Выборг, Минск, Самара, Орынборда болып, бағдарын Мәскеуде аяқтады.

Алаштың Әлиханы дүниеге келген өңір – қазіргі Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ау-даны. Алаш көсемі 1866 жылдың 5 наурызында Тоқырауын болысының №7 ауылында қоныстанған Нұрмұхамед пен Бегім ханымның шаңырағында дүниеге келген. Жарты әлемді уысында ұстаған атақты Шыңғыс ханның 23-нші ұрпағы. Әлиханның анасы Бегім ханым Шәкәрім Құдайбердіұлының кіші анасы Бошантайдың сіңлісі болған.

Шілінгір шілдеде Алматы қаласынан шыққан біздер Жекежал қыстағына келдік. Жекежалда Әлихан Бөкейханның ата-бабасы, туған-туыстары жатқан қорым бар. Талдыбейіт қорымына барып, Алаш көсемінің туған-туыстарының рухына арнап құран-хатым түсіріп, Әлекеңнің көзі тірі туыстары Айсәуле (Әйіш) Смаханқызының рұқсат беруімен, бабалар қорымынан Мәскеудегі «Дон» зиратына топырақ алдық. Осы жерде айта кететін жайт, бұрын-соңды ешкім бабалар қорымы – Талдыбейіттің топырағын Мәскеудегі Алаш көсемінің күлі көмілген жерге жеткізген емес.

Сосын бір қызығы, 1901 жылы Мұқан төре (Нұрмұхамед) қайтыс болады. Бұл кезде Алаш көсемі Ф.А.Щербина жетекшілік жасаған экспедицияның құрамында болатын. Әлекең әкесінің сүйегін Жіңішке өзенінің жанына жерлеген. Оны «Талдыбейіт» деп арнайы атаған екен. Бейіттің қасына Бразилиядан әкелінген ағаш тұқымын еккізіпті. Осы жылы ағаштың егілгеніне 115 жыл болыпты. Ағаш әлі күнге дейін дін аман жайқалып өсіп тұр.

Әлихан Бөкейханның балалық шағы өткен жер бұл. Қыстақтың маңында Желтау тауы бар. Экспедиция құрамына Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан Әлекеңнің балалық шағы өткен жерді толықтай таныстырды. Тұңғышбай ағамыз бізді «Әлиханның тасы» деп аталатын Желтау баурайындағы тасқа алып барды. Қара тасты және айналасын тамашалап тұрғанымызда, профессор А.Ісімақова: «Мен Италияға барғанымда, Марко Полоның картасын көрген едім. Сонда таңғалғанмын. «Жібек жолы неге Қарағандыны емес, Тоқырауын жағасын басып өткен деп», – деді. Енді қараңыз, Алаш көсемі әкесінің сүйегін бұрынғы бабалары жатқан ескі бейітке емес, бөлек қойды емес пе?! Мұның мәнісі Тоқырауын, Желтау тоғыз жолдың торабы болған жер. Ары-бері өткен жолаушылар Талдыбейітке тоқтап, Құран оқып өтсін деген ойы болыпты. «Әлиханның тасы» деп

аталатын қара жартасқа да шығып көрдік. Шіркін-ай, сол уақытта бойымызда небір тылсым күш пайда болды. Сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл аймақ – бұрын хан Кененің, арысы Абылайдың жорық алдындағы әскерін даярлайтын арнайы тактикалық алаң. Қаратас таққа ұқсайды. Бұрынғы өткен көнекөз қариялардың айтуынша, Әлекең осы тасқа шығып алып, елінің болашағын ойлапты. «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», – деп бала кезінде-ақ, өз-өзіне ант беріп, патшалық империяға бодан болған қазақтың тағдырына өзін жауапты еткен-ді.

Тәуелсіздік пен еркіндікке, бостандыққа ұмтылған Алаш қайраткерлерінің идеялары тоғысқан әрі жүзеге асқан жер – Қарқаралы өңірі. Қазіргі таңда Қарқаралыда Әлихан оқыған мектептің ғимараты сақталыпты. Бірінші қабаты кірпіштен, екінші қабаты ағаштан салынған мектептің үстіңгі бөлігі өртеніп кетіпті. Ал астыңғы қабатында қазір дүкен орналасыпты. Бір өкініштісі, Әлекеңнің мақалаларында жазылған осы мектептің қабырғасына Алаш көсемі оқыған мектеп-интернат деген ескерткіш тақта қойылмапты.

Әлихандай арда туған қазақтың асыл перзентінің ізімен Семейге жеттік. Семей – заманында «Алаш Орда» ұлттық-территориялық автономиясының астанасы болған қала. Семей – Алаш рухты қала. 1917 жылы Әлихан Бөкейхан Семей қаласына келіп, шаһар тұрғындарымен кездесу өткізген. Бұл – тарихи оқиға. Ел ішінде әлі күнге дейін айтылатын «Әлиханның Семейге келуі» деген оқиға осы. Семейдегі түрме «Е» әріпі үлгісінде Екатерина патшаның бұйрығымен салынған. Бұл қасіретті түрмеге Алаштың көсемі, сан қырлы талант иесі, саңлақ Әлихан Бөкейхан да қамалып, негізсіз жазасын өтеді. 1906 жылдың 9-10 шілде күндері бірсыпыра депутаттар Бірінші мемлекеттік думаның таралуын заңсыз деп танып, «Выборг үндеуін» жариялап, оған қол қойып, халыққа таратқан болатын. Бір жылдан соң, яғни, 1907 жылдың желтоқсанында Санкт-Петербург сот палатасының ерекше отырысы Әлихан Бөкейханды әйгілі «Выборг үндеуіне «қол қойғаны және таратқаны үшін» 3 ай мерзімге түрме жазасына кесіп, сайлау-сайлану құқынан айырады.

Бұл оқиға турасында Ә. Бөкейхан: «Соттан кейін бірінші дума депутаттары саясат әдісіне сайлаған жерде абақтыға отыралық десті. Мен осы шартпен жазғытұры 1908 жылы Семейге келдім. Мен Семейде абақты борышымды күтіп жүргенде Шәкәрім, Кәкітай, Тұрағұл әдейі қалаға келіп, тағы да біраз күн көңіл көтеріп шат болған едік», – деп жазды.

«Әлихан Бөкейхан ізімен» атты ғылыми-танымдық экспедициясының арқасында «Выборг үндеуі» құжатының қай қалада қабылданғанын нақтылап, тарихи шындықты анықтадық. Бұрын-соңды қазақ ғалымдары Выборг қаласына келмеген болатын. Біз, араға 110 жыл салып, 12 шілде күні Санкт-

Петербор қаласының іргесінде орналасқан Выборг қаласына барып, «Бельведер» қонақүйін таптық.

«Халықтан – халық өкіліне» деген атаумен даярланған «Выборг үндеуі» қазіргі Санкт-Петербург қаласынан 140 шақырым жерде өткен. Депутаттар тоқтап, бас қосқан «Бельведер» қонақ- үйі де әлі күнге дейін тұр. Тарихи құжаттағы мәліметке назар аударсақ, «Выборг үндеуінде» «9 (22) шілде, 1906 жыл» деген жазу жазылған және 180 депутат қол қойғанын байқаймыз. Бір ескерер жайт, кейбір деректерде «Выборг үндеуі» Выборг қаласында жазылған десе, кейбірінде Териоки қаласында даярланған делінеді. Алайда үндеу Выборг қаласының «Бельведер» қонақ- үйінде даярланып, жазғы алаңқайда талқыланған және де оны фотосуреттер айғақтайды.

Петербор – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында орыс империясының бас шаһары әрі мәдениет пен білімнің ордасы болған қала. Қазақтың тағдырына алаңдап, білім іздеп, мамыражай Сарыарқасынан қоңыр салқын Петерборға келіп, «инемен құдық қазып», өкпелеріне құрт ауруын түсірген Алаштың зерек те ақылды, ізденімпаз жастары көп болды. Ә. Бөкейханның ғылыми-шығармашылық ғұмырбаянын қарап отырсаңыз, оның өмірінің елеулі кезеңі Санкт-Петербург қаласында өткенін байқайсыз. Қазақтың біртуар азаматы бұл қалада жоғары білім алды, журналист һәм ғалым ретінде танылды, қазақтың болашағы үшін I мемлекеттік думаның мінберінде депутаттық сауалдар жасап, қазақ мәселесін көтерді.

Биыл жетісулық жерлесіміз Барлыбек Сырттанұлының да мерейтойы. Барлыбек – Әлиханнның түйдей құрдасы әрі саясаттағы қоян-қолтық араласқан досы. Екеуі студенттік жылдарынан бастап араласып, қазақтың тағдырына қатысты түрлі бағдарламалар жасаған. Білімді заңгер Барлыбек Сырттанұлы 1911 жылы тұңғыш рет Әлихан Бөкейханның тапсырмасымен «Қазақ елінің уставы» деген конституциялық еңбек жазды. Алаш көсемі «Барлыбекті ұмытпасқа» деп қазанама жазған.

Әлихан Бөкейханның жолымен жүріп отырып Минск қаласына келдік. Алаш көсемі 1916 жылдың қыркүйегінен 1917 жылдың көктеміне дейін осы қалада қызмет атқарған. Әлекеңнің Минсктегі қызметі жайында оқырман түгілі ғылыми көпшіліктің өзі жетік білмейді. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ресей патшасының жарғысымен қазақ даласындағы 19-43 жастағы азаматтар қара жұмысқа алынған болатын. Сол қазақ жұмысшыларының құқығын қорғау үшін ол батыс майданына арнайы барған. Әлекең Минсктің «Льеж» деп аталатын қонақ- үйіне тоқтаған. Белоруссияның Орталық мұрағатының мамандарымен бірлесіп Әлихан тоқтаған қонақүйдің мекенжайын анықтадық. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Минск басынан түрлі қауіп-қатерді өткізген қала болғандықтан, көптеген тарихи ғимараттар алапат қырығын кезінде жермен-жексен болған екен.

**Жер бетіндегі әрбір ұлттың болмысы мен бітіміне айналған тұлғалары болады. Қазақтың мақтанышы да, мерейі де «Заманымызға қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап, ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі қазақ халқына бірінші дерлік жан басшымыз» (Міржақып Дулатұлы) болып қала беретін тарихи қайталанбас тұлғамыз осы – Әлихан Бөкейхан.**

**Елдос ТОҚТАРБАЙ.**